

## ЛУСЕФИ ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТЫН ҚАБЫЛДАЙТЫН ПАЦИЕНТТЕР ҮШІН

БҰЛ МАТЕРИАЛ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАРЫНША АЗАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР АЯСЫНДА ДАЙЫНДАЛДЫ ЖӘНЕ ЖАРНАМА ЕМЕС

### ЛУСЕФИ (ЛУСЕОГЛИФЛОЗИН)

Үлбірлі қабықпен қапталған  
таблеткалар, 2,5 мг және 5 мг

### ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТЫН ҚАБЫЛДАЙТЫН ПАЦИЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН

# ЖАДЫНАМА

Жадынамада көрсетілген сақтық шаралары белгілі бір жағымсыз реакциялардың даму қаупін азайтуға бағытталған.

Сондай-ақ, жадынамада жағымсыз реакциялардың көріністерін қалай анықтауға болатындығы және мұндай жағдайларда не істеу керектігі түсіндіріледі.

Лусефи дәрілік препаратын қолданар алдында препаратпен бірге қаптамаға салынған қосымша парақты мұқият оқып шығыңыз.

Егер ауру немесе тағайындалған емдеу бойынша сұрақтарыңыз болса, оларды дәрігеріңізбен талқылаңыз.

Лусефи дәрілік препаратын қабылдайтын пациенттерге арналған жадынама

## ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРУДЫ ЖӘНЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ТАЛАП ЕТЕТІН ЖАҒЫМСЫЗ РЕАКЦИЯЛАР

### Сусыздану (ағзадағы сұйықтық мөлшерінің жеткіліксіздігі)

**Лусефи препараты ағзадағы сұйықтықтың несеппен шығарылуын арттырып келесі симптомдарды тудыруы мүмкін:**

- ауыздың немесе тамақтың құрғауы,
- шығарылатын несеп көлемінің ұлғаюы (полиурия),
- несеп шығару жиілігінің артуы (поллакиурия).

**Келесі жағдайларда сусыздану қаупі артады және сіз ерекше сақтық танытуыңыз керек:**

- қатты терлесеніз (мысалы, жазда немесе спортпен шұғылдану кезінде),
- сізде безгек, іш өту немесе құсу байқалса,
- жеткілікті мөлшерде тамақ іше алмасаңыз,
- аз су ішсеңіз (мысалы, қыста),
- сізде қандағы глюкоза деңгейі нашар бақыланса,
- Лусефи препаратымен бір мезгілде несеп айдатқыштарды (диуретиктерді) қабылдасаңыз.

### Сусызданудың негізгі симптомдары:

- шөлдеу, ауыздың немесе тамақтың құрғауы,
- талмаурау сезімі,
- бас айналу сезімі және басқа ұқсас симптомдар.

**!** Сусыздану өршіген жағдайда препаратты қабылдауды тоқтатып, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

**✓** Сусызданудың алдын алу үшін жеткілікті мөлшерде сұйықтық ішіңіз. Бір мезгілде көп мөлшерде ішудің орнына тіпті ауызыңыз немесе тамағыңыз құрғамаса да, жиі және аз мөлшерде ішкен дұрыс.

Лусефи препаратымен емдеу кезінде несеп көлемінің немесе несеп шығару жиілігінің артуынан қорқып, сұйықтық тұтынуды шектемеңіз.

**✓** Егде жастағы пациенттер үшін: мұқият болыңыз, өйткені ауыздың немесе тамақтың құрғауы сияқты сусыздану симптомдарын байқау қиын.

**✓** Егер сіз ауырып қалсаңыз және сізде қатты іш өту, безгек байқалса немесе жеткілікті мөлшерде тамақ іше алмасаңыз, сізде сусыздану пайда болуы мүмкін. Дерек дәрігермен кеңесіңіз.

1-нұсқа, мамыр, 2025

Лусефи дәрілік препаратын қабылдайтын пациенттерге арналған жадынама

## ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРУДЫ ЖӘНЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ТАЛАП ЕТЕТІН ЖАҒЫМСЫЗ РЕАКЦИЯЛАР

### Диабеттік кетоацидоз (қандағы кетон денелері мөлшерінің артуы)

Лусефи препараты май қышқылдарының метаболизмін (алмасуын) күшейтетіндіктен, қандағы кетон денелерінің - май қышқылдарының ыдырау өнімдерінің мөлшері артады, бұл кетоацидозға әкелуі мүмкін.

### Кетоацидоз дегеніміз не?

Кетоацидоз қандағы кетон денелері мөлшерінің артуын білдіреді, онда қанның қышқылдығы жоғарылап, физикалық күйде өзгерістер де болады. Егер кетоацидоз анықталмай, күшейе түссе, бұл ес бұзылысына әкелуі мүмкін. Лусефи препаратымен емдеу кезінде сіз өзіңіздің физикалық күйіңіздегі келесі өзгерістерді қадағалап отыруға тиіссіз:

### Кетоацидоздың негізгі симптомдары:

- тез салмақ жоғалту,
- жүрек айнуы, құсу,
- тәбеттің нашарлауы/жоғалуы,
- жалпы дімкәстік,
- іштің ауыруы,
- қатты шөлдеу сезімі,
- жиі және терең тыныс алу,
- ес бұзылысы, бағытсыздану,
- ерекше ұйқышылдық немесе шаршау,
- тыныс алғанда тәтті иістің (ацетон иісі) шығуы,
- ауыздағы тәтті немесе металл дәмі,
- несептің, тердің ерекше иісі.

**!** Бұл симптомдар пайда болған жағдайда препаратты қабылдауды тоқтатып, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

### Кетоацидоз келесі жағдайларда пайда болуы мүмкін, сондықтан ерекше сақтық танытыңыз:

- егер инсулин дозасы азайтылса немесе инсулинмен емдеу тоқтатылса,
- егер сіз көмірсу тұтынуды тым қатаң шектесеңіз,
- егер сіз жеткілікті тамақтанбасаңыз,
- егер сізде қандай да бір инфекция пайда болса,
- егер сізде сусыздану белгілері байқалса.

### Алдын алу үшін

Көмірсу тұтынуды шамадан тыс шектемеңіз; жеткілікті мөлшерде тамақтанып, сұйықтық ішіңіз.

1-нұсқа, мамыр, 2025

## ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРУДЫ ЖӘНЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ТАЛАП ЕТЕТІН ЖАҒЫМСЫЗ РЕАКЦИЯЛАР

### Несеп шығару жолдарының инфекциялары және жыныс мүшелерінің инфекциялары

Глюкоза несеппен шығарылатындықтан, Лусефи препаратымен емделу кезінде несеп шығару жолдары мен жыныс мүшелерінің инфекциялары өршуі мүмкін. Лусефи препаратын қабылдаудың барлық кезеңінде инфекция симптомдарына назар аударыңыз.

#### Жыныс мүшелері инфекциясының негізгі симптомдары:

- жыныс мүшелері аймағының қышуы,
- жыныс мүшелері аймағында дызылдау сезімі,
- безгекпен немесе дімкестік сезімімен қатар жүретін жыныс мүшелерінің немесе бұттың (жыныс мүшелері мен тік ішк арасындағы аймақ) ауыруы немесе ауырсыну сезімталдығы, қызаруы немесе ісінуі - бұл симптомдар тері астындағы тіндерді бұзатын «бұттың некрозды фасцииті немесе Фурнье гангренасы» деп аталатын сирек, бірақ ауыр немесе тіпті өмірге қауіпті инфекцияның белгісі болуы мүмкін.

**!** Мұндай симптомдар пайда болған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Егер Фурнье гангренасына күдік болса, препаратты қабылдауды тоқтатыңыз.

#### Несеп шығару жолдары инфекциясының негізгі симптомдары:

- несеп шығару кезіндегі ауырсыну,
- жыныс мүшелері аймағының қышуы,
- несеп шығару кезінде қуықтың толық босамағанын сезіну,
- жыныс мүшелері аймағындағы ауырсыну, қызару, ісіну.

**!** Мұндай белгілер пайда болған жағдайда дереу дәрігермен кеңесіңіз. Несеп шығару жолдарының инфекциясы күшейсе, пиелонефрит немесе сепсис өршуі мүмкін.

#### Алдын алу үшін:

- несеп шығарудың тұрақтылығын қадағалаңыз және несеп шығарғыңыз келгенде шыдап жүре бермеуге тырысыңыз,
- тазалықты қадағалаңыз және жыныс мүшелерінің күнделікті гигиенасын сақтаңыз.

## ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРУДЫ ЖӘНЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ТАЛАП ЕТЕТІН ЖАҒЫМСЫЗ РЕАКЦИЯЛАР

### Қандағы қант деңгейінің төмендеуі (гипогликемия)

#### Гипогликемияның негізгі симптомдары:

- суық тер,
- аяқ-қолдың дірілдеуі,
- қатты аштық сезімі,
- әлсіздік.

#### Гипогликемия келесі жағдайларда:

- тамақ ішудегі кідіріс кезінде немесе жеткіліксіз мөлшерде тамақтанғанда,
- көп мөлшерде алкоголь ішкен кезде,
- денеге шамадан тыс күш салғанда пайда болуы мүмкін.

Гипогликемия күшейген кезде пациент есінен танып қалуы мүмкін.

Симптомдар пайда болған жағдайда дереу қант (көмірсуларға бай тағам) жеңіз немесе қантты сусын ішіңіз. Ескертпе: егер сіз Лусефи препаратымен бірге α-глюкозидаза тежегіштерін (акарбоза, воглибоза, миглитол және т.б.) қабылдасаңыз, онда глюкозаны қабылдау керек.



Егер осыдан кейін симптомдар кетпесе, дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Препараттардың белгілі бір құрамдастыры гипогликемия ықтималдығын арттыруы мүмкін. Басқа препараттарды қолдануды бастамас бұрын дәрігермен кеңесу керек.



Егер сіз көлік жүргізгенде, биіктікте немесе механизмдермен жұмыс істегенде гипогликемия пайда болса, бұл аварияға/жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін. Ерекше сақтық танытыңыз.

▼ Дәрілік препарат қауіпсіздік туралы жаңа мәліметтерді тез анықтауға ықпал ететін қосымша мониторингтен өткізілуге жатады.

Сіз дәрілік препаратты қолдану кезеңінде пайда болған кез келген жағымсыз реакция туралы (соның ішінде оның тиімсіздігі жағдайлары туралы) ақпаратты хабарлай отырып, көмектесе аласыз.

#### Жағымсыз реакциялар туралы хабарламалар:

Егер Лусефи препаратын қолданған кезде сізде жағымсыз реакция пайда болса, бұл туралы дәрігеріңізге хабарлаңыз. Сондай ақ ақпаратты төмендегі байланыс деректері арқылы жіберуге болады:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі  
Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің  
«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК <http://www.ndda.kz>

Жағымсыз реакциялар туралы «Сервье Қазақстан» ЖШС-не де хабарлай аласыз:

050020, Алматы қ., Достық даңғ. 310г, Бизнес орталығы, 3-қабат  
Тел.: (727) 386 76 62/63/64/70/71, Факсы: (727) 386 76 67  
Электрондық поштасы: [kazadinfo@servier.com](mailto:kazadinfo@servier.com)  
Интернет-сайттағы кері байланыс нысаны  
[www.servier.kz](http://www.servier.kz)